



# БАТЫС ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ЖАҢА ТАРИХЫ, 4-ТОМ. ҚАЗІРГІ ЗАМАН ФИЛОСОФИЯСЫ

Өнер мен мораль



Ницше үшін өнер өз алдына бейтарап қана емес, ол моральдан басым. Ницшеден өзгеше көзқарасты он тоғызыншы ғасырдағы эстетиканың екі өкілі ұстанды, олар өнер мен моральді тығыз байланысқан деп санады. Олардың бірі – ағылшын жазушысы, суретші, өнер теоретигі, әдеби сыншы және ақын, Арундель қауымдастығының мүшесі Джон Раскин еді (кей жерде оның тегі Рескин деп оқылады). Ол XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы өнертану мен эстетиканың дамуына зор ықпал етті. Ал екіншісі – ең танымал орыс ойшылдары мен жазушыларының бірі, әлемнің ең ұлы жазушы-романисі Лев Толстой.

Фридрих Вильгельм Ницше – неміс ойшылы, классикалық филолог, композитор, ақын, ерекше философиялық ілімді құрушы.

Раскин өнерді талабы мол, өте жауапты іс деп санады. Өзінің 1843 жылы жарық көрген «Қазіргі заманғы суретшілер» атты ауқымды еңбегінде ол былай деп жазды:

«Өнер деп айтып жүрген дүниеміз – демалыстың бір түрі ғана емес, оны басқа шаруадан бос кезде зерттеуге болмайды және айналысатын басқа ісіміз қалмаған кезде өнерді ішпесуды басу үшін ермекке айналдыруға дұрыс емес. Бұл қонақ бөлмедегі үстел үстінде отырып жасайтын ермекке қажет іс емес және оны будуарлардағы қамығуды сейілту деп түсінуге болмайды; Адамдар оны жүректеріне терең бойлату үшін, бүкіл ғұмырын арнауы тиіс».

Джон Раскин – ағылшын жазушысы, суретші, өнер теоретигі, әдеби сыншы және ақын.

Бірақ өнердің алға тартатын талаптары тек Ғаламдық моральмен ғана түсіндірілуі мүмкін, яғни оның мақсаты – әлемнің ең іргелі сипаттарын ашу. Сұлулық дегеніміз – объективті дүние, ол жай ғана салт-дәстүрдің нәтижесі емес. Әсемдік тәжірибесі табиғатты барынша терең қабылдаудан туындайды, осы арқылы адам құдайы құдіретті толығымен ұғынады. Суретші адамгершілік пен мораль тұрғысынан игілікті адам болса ғана, оның туындысы ешбір кіршіксіз, бүлінбеген түрде адамзатқа паш етіліп, Құдайдың құдіретін бізге жеткізетін болады. Алайда Раскиннің айтуынша, XIX ғасырдың арсыз өнеркәсіптік қоғамында – моральдық-көркемдік тұрғыдан пәктікке қолжеткізу мүмкін емес деуге болады. Өнерді тудыратын қиялдау қабілеті де, оны құнды ететін теориялық қабілет те тым сыбайласып кеткен. Жұмыс еңбектің қазіргі бөлінісінің арқасында тоқырауға ұшырады, ал жұмысшы кемелділікке ұмтылатын қолөнершінің тиісті мәртебесінен айырылып жатыр.

Раскин өзінің өнер теориясына жасалған моральды сынын, атап айтқанда, өнердің екі түріне: сурет өнері мен архитектура салаларына қатысты қолданды. Ол үшін сурет өнері дегеніміз, шын мәнінде, тілдің бір формасы сияқты: техникалық шеберлік дегеніміз – тілді меңгеру деңгейі ғана, ал суреттің құндылығы оның жеткізетін ойларының құндылығына тәуелді. Раскин осы ойын Уильям Тернердің туындыларын мұқият зерттеу арқылы ашып көрсетуге талпынды. «Архитектураның жеті шамшырағы» атты туындысында Раскин Қайта өрлеу және барокко дәуірлерінің сәулет өнерінен артық болған готикалық архитектураны жіктеген өлшемдерді тізбектеп берді. Мұндағы «шамшырақтар» деп отырғаны – ең алдымен адамгершілік категориялар: құрбан ету, ақиқат, күш, бойсұну және т.б. Себебі оның айтуынша, архитектура дегеніміз – ғимараттардың сыртқы түрлерін адамның психикалық денсаулығына, күш-қуатына және ләззат алуына ықпал ететіндей етіп орналастыру және сәндеу өнері. Ал психикалық денсаулықтың ең маңызды элементі – Құдайдың бұйрығымен реттелген дүниедегі адамның орнын дұрыс түсіну.

Толстой үшін өнердің игілігінің басты өлшемі – оның моральды мақсатының болуы. Өнер дегеніміз не? Ол өз заманының көркемөнер кәсіпорындарының, әсіресе, операның ақша және азапты жұмыс тұрғысынан бағасын сипаттап шықты. Оның пікірінше, мұндай өнер тек қана халықтың қалың бұқарасы құлдыққа болған жағдайда ғана орын алуы мүмкін. Осыған орай Толстой жұмсалған әлеуметтік шығындар моральдық жағынан ақтала ма деген сұрақты төтесінен қояды. Бұл өнер тек жоғары таптың сезімдеріне ғана арналды, ол өркөкіректік, секс және қайғыдан әрі асқан жоқ.

Толстой өзіне дейінгі жазушылардың: «өнердің мақсаты – сұлулық» және сұлулық одан алатын ләззатанудың арқасында мойындалады дейтін пікірлерін жоққа шығарды. Өнердің шынайы мақсаты – адамдар арасындағы байланыс. Өнер ләззат әкелу керек деген романтикалық идеяны терістей отырып, ол Вордсворттың мына бір ойымен келісті:

«Ең оңай мысал келтірейік: бір адам дауысын шығарып күліп жатса – а, басқа адам оны естіп, көңілі көтеріледі немесе бір адам жылап жатса, басқа біреу оны естіп көңіл-күйі түсіп кетеді.



Адам толқып немесе ашуланып отырса, оны көрген басқа адам да өз ақыл-ойын соның күйіне дейін жеткізеді... адам өзінің белгілі бір объектілерге, жеке тұлғаларға немесе құбылыстарға деген таңырқау, адалдық, қорқыныш, құрметтеу немесе махаббат сезімдерін білдірсе, басқалар да дәл сол объектілерге, жеке тұлғаларға немесе құбылыстарға дәл сол таңырқау, адалдық, қорқыныш, құрметтеу немесе махаббат сезімдерін қайталайды.

Кең мағынада өнер біздің бесік жыры мен әзілдерден, мимикадан, көйлектердің сән үлгісінен, үйлер мен ыдыс-аяқтардан бастап, түрлі діни рәсімдер мен триумфтық шерулерге дейінгі түрлі өнер туындыларына толы өмірімізде жан-жақтан «кірігіп жатады». Алайда осы өнер туындыларының бізге «жұқтыратын» сезімдері жақсы немесе жаман болуы мүмкін. Өнер жақсы болу үшін ол әкелетін эмоциялар да жақсы болуы тиіс; әрі бұл эмоциялар жақсы болуы үшін олар түпкілікті діни сипатта немесе жалпыға ортақ адами бауырластық сезіміне шақыруы қажет.

Өнерден туындайтын эмоциялар тек әбден ерке элитаға ғана емес, жалпы адамзатқа түсінікті болуы керек. Егер туынды бұл жалпыға ортақ көзқарас тұрғысынан түсініксіз болса, онда сіздегі не нашар өнер, не өтірік-өнердің көрінісі. Әрине, Толстой мұндай қатаң ұстанымның музыка мен әдебиеттегі ең ықпалды туындыларға, соның ішінді Толстойдың өзінің де романдарына да «тиіп кететіндігін» мойындауға әзір болды. Оның пікірінше, XIX ғасырдың ең тамаша романы – Том ағаның лашығы. «Бұл еңбек, – дейді Толстой, – нәсілдер мен таптар арасындағы шектерді бұзып жіберді». Басқа, кеңінен талқыға салынған оқиғалар да бар. Толстой сынға алған өнер туындыларының арасында – Бетховеннің Тоғызыншы симфониясы да бар. Бұл туынды жоғары рухани сезімді жеткізе ала ма? Жоқ: ешқандай музыка жеткізе алмайды. Ол адамдарды бір сезімнің тұрғысынан біріктіре ме? «Жоқ, мен осынау бір ұзақ, шиеленіске және жасандылыққа толы туындыдан нақты бірдеңені түсінетін бір топ адамды елестете алмаймын», – деп жауап берді Толстой. Ол бұл туындының соңғы бөлігіндегі Шиллер поэмасының адамдарды біріктіретін сезімді, атап айтқанда, қуанышты білдіретін ойды қамтиды деп санады. «Бұл өлең шумақтары симфонияның соңғы бөлігінде айтылғанымен, ондағы музыка өлеңнің мағынасымен үйлеспейді; бұл жағынан музыка ерекше және ол адамдарды біріктірмейді; ол тек басқа адамзаттың бәрінен ерекше бөлек алынған аздаған адамдарды ғана біріктіруі мүмкін.

Граф Лев Николаевич Толстой – ең танымал ресей жазушылары мен ойшылдарының бірі, әлемнің ең ұлы жазушы-романистерінің бірі.

XX ғасырда Толстойдың өнерге деген моралистік көзқарасы тез арада сәнге лайықсыз болып қалды. Өнер автономиясы, тіпті оның ницшелік артықшылығы кеңінен мойындалды: өнер туындысы моральды немесе саяси жағынан зиянды бола тұра, жақсы өнер, тіпті ұлы өнер туындысы болуы мүмкін. Туындының көркемөнерлік құндылығы оның этикалық тұрғыдағы күмәнділігін елемей-ақ мойындалды, ал көптеген елдер «азғыруға және жемқорлыққа» итермелейтін өнер туындыларын жасап, жария етуге тыйым салатын заңдарынан бас тартты.

XX ғасырдың ең ықпалды эстетиктерінің бірі – итальяндық философ Бенедетто Кроче болды. Бенедетто Кроче 1866 жылдың 25 ақпанында дүниеге келген итальяндық интеллектуал, атеист, сыншы, философ, саясаткер, тарихшы. Неогегельяншылдықтың өкілі. Ол XX ғасырдың бірінші жартысындағы эстетикалық ойға айтарлықтай ықпал етті. Оның ең танымал туындысы – 1902 жылы жарық көрген «Білдіру ғылымы және жалпы лингвистика ретіндегі эстетика» деп аталады.

Бенедетто Кроче – итальяндық зияткер, атеист, сыншы, философ, саясаткер, тарихшы.

Метафизикаға келгенде Кроче идеалист еді, ол Джованни Джентилемен біріге отырып Гегель жүйесін жасақтады, бірақ кейіннен 1925 жылы бұл әріптесімен фашизм мәселесіне келгенде көзқарастары ұқсас емес болуына орай араласпай кетті. Джентиле фашизм теоретигіне айналып, Кроче Италияның фашизмге дейінгі және одан кейінгі үкіметтерінде министр лауазымын иемденді, әрі 1930 жылдары Муссолинидің интеллектуалды қарсыласы ретінде танылды. --

Джованни Джентиле – итальяндық философ, «актуалистік идеализм» теориясының негізін қалаушы, сондай-ақ, итальяндық фашизмнің теоретигі.

Кроче үшін өнер тарих пен ғылымның арасындағы орынға ие. Тарих сияқты ол да жалпылама заңдарды емес, нақты жағдаяттарды қарастырады, оның нақты жайттары шынайы емес, қиялдан туған және ол, ғылым сияқты, универсал ақиқаттарды айқын көрсетеді.



Кроче үшін өнердің ядросы, түпнегізі – интуиция. Интуиция дегеніміз – позитивистер айтқандай сезіммен бірдей нәрсе емес: сезімдерді шығару, көрсету, экспрессиялау керек, ал экспрессия дегеніміз – жай ғана эмоциялық емес, танымдық материя. Адамдардағы өнер, жануарлардағы эмоциямен салыстырғанда, жай ғана сезімдік нәрсе емес, рухани бір болмыс. Басқа жағынан алғанда, эстетиканың рационал мамандары өнерді интеллектуалды құбылыс ретінде қабылдап, қателікке ұрынады: өнер ұғымдар арқылы емес, бейнелер, символдар арқылы әсер етеді, осылайша, Кроче романтиктер мен классиктерден бойын алыс ұстайды.

Көркемдік интуиция шын мәнінде лирикалық сипатта болады. Кроче мұның себебін контрасттармен түсіндіреді. Өнер логика сияқты ақиқатпен де, экономика сияқты пайдалылықпен де, мораль сияқты ізгілікпен де байланысты емес. Оның өз объектісі бар, ол – сұлу, көркем, және жаңа аталған үш болмыстан тәуелсіз өз алдына орны бар. Кроче үшін асқақ дүние ұғымы – бар болғаны жалған-ұғым болды. Көркем туынды тек сұлулықты ғана қамтитын болса, ол лирикалық сипатқа ие. Демек, ғылыми салмағы және моральды хабарламаны қамтитын кейбір өлеңдер – лирикалық емес, олар жай ғана әдебиеттің бір бөлігі саналады. Шынайы поэзияның басты мақсаты утилитарлы да, моральды да, философиялық та болмауы тиіс.

Кроченің көзқарастарына ұқсас идеяларды ағылшын тілді әлемге Коллингвуд жеткізді. Робин Джордж Коллингвуд 1889 жылдың 22 ақпанында дүниеге келген британдық философ-жаңа гегельяншыл, тарихшы, археолог, Британияның ежелгі тарихы бойынша маман. Ол суретші және өнертанушы Рединг университетінің профессорының отбасында туылды. Оксфорд университетінде білім алды 1936–1941 жылдары сол жерде метафизика философиясының профессоры атанды. Оның ең танымал туындысы – тарих философиясына арналған «Тарих идеясы» автор дүниеден өткен соң жарық көрді. Коллингвуд тек тарих философиясымен ғана айналысып қойған жоқ, ол тарих пен археологияның практикасымен де шұғылданды.

Робин Джордж Коллингвуд – британдық философ-неогегельяншы, тарихшы, археолог, Британияның ежелгі тарихы бойынша маман.

Ол 1928 жылғы Британ энциклопедиясының кезекті басылымына арналған Кроченің эстетика туралы мақаласын аударды. Коллингвуд – айырмашылықтар классигі мен археологы, 1936 жылдан бастап Оксфордтағы метафизика профессоры. Ол, ең алдымен, тарих философиясына қосқан үлесінің арқасында танымал болды, бірақ оның «Өнер принциптері» атты еңбегі эстетика теориясына қосқан айтарлықтай үлесіне айналды.

Кітаптың басым бөлігі «Өнер дегеніміз не?» деген сауалға жауап беруге арналды. Өнер дегеніміз – жай ғана көңіл көтеретін нәрсе емес; өнер деп аталатын нәрсенің басым бөлігі – жай ғана ойын-сауық болса да, шынайы өнер дегеніміз – мүлде басқа дүние. Өнер – әскери би сияқты тылсым рәсім емес, яғни ол патриоттық эмоция немесе пролетарлық өжеттілік сияқты эмоцияларды тудыруды мақсат тұтатын магиялық рәсім емес. Ең бастысы – ол қолөнер немесе техникалық шеберліктен ажыратылуы тиіс. Өнер дегеніміз – имитация немесе репрезентация, яки мимезис те емес, себебі олар да қолөнерге жатады. Әлбетте, ұлы өнер туындысы қолөнер туындысы болады, бірақ оны өнер туындысы ететін нәрсе – оның қолөнер шығармасы екендігі емес.

Егер өнер қолөнер болса, біз оның бойынан аяқталу нүктесі мен құралдарын байқай алар едік. Бірақ өнердің аяқталу нүктесі болған күннің өзінде, бұл – эмоцияларды қоздыру болар еді. Алайда өнерді эмоцияларды қоздыру әрекеті емес, эмоцияларды білдіру әрекеті ретінде қарастырған жөн. Шынайы өнер туындысы, ақиқатында, суретшінің өзінің эмоциясынан туындайды. Табысты суретшілер өз жетістігін қиялына жасырады; олардың бейнелерінің өнердің көпшілікке арналған туындыға экстернализациясы – бұл жай ғана қолөнершілік шеберлік.

Шынайы өнер туындысының ішкі жұмысы – ішкі бір айтып жеткізуге келмейтін сезімді айқын, кескіндемелі күйге ауыстыру. Крочемен келісе отырып, Коллингвуд та қиял мен білдіру – ұқсас нәрселер екендігін алға тартты. Тіл арқылы ішкі ұстаным артикулятқа, нақты кескіндемеге ауысады; демек, көркемдік жеткізу талпыныстарының барлығы, қандай ортада болмасын, ең алдымен лингвистикалық сипатқа ие. Коллингвудтың айтуынша, өнер дегеніміз – эмоцияларды жеткізу болса, онда суретші мен көрермен арасындағы айырмашылық жоқ болып кетеді.



Егер ақын, мәселен, белгілі бір қорқыныш немесе үрейді жеткізбек болса, онда оны түсінуге қабілеттілер – өздері де осы қорқынышты сезуге қабілетті адамдар. Демек, егер біреу өлең шумақтарын оқып, оны ұғынып жатса, демек, ол ақынның жеткізбек болған эмоцияларын түсініп қана қоймайды, ол өз эмоцияларын ақынның сөздерімен жеткізіп, оның өлеңін өз ішкі дүниесінің сырын жеткізудің құралы ретінде пайдаланады.

Ақын мен оның оқырманы бірдей эмоцияны ұғынып, жеткізеді: мұндағы айырмашылық мынада ғана – ақын оны жеткізудің мәселесін өз бетімен шеше алады, ал оқырманға ақынның мұны қандай жолмен жүзеге асыратынын көрсеткені қажет. Өзіміз үшін (біреудің көмегімен, не көмегінсіз) қиялдағы тәжірибені немесе әрекетті жасай отырып, біз өз эмоцияларымызды білдіреміз, әрі бұл – біздің өнер деп атайтын дүниеміз.

Кроче мен Коллингвудтың Толстойдан айырмашылығы – олар өнерді моральдан ерекше және оған тәуелсіз нәрсе деп санады. Бірақ үш жазушының барлығы өнерді эмоцияларды білдірудің концепциясы ретінде түсінді. Алайда ХХ ғасырдың философтарының көбісі Толстойдың өнердің қызметін эмоциялардың коммуникациясы ретінде қабылдауымен келіспеді.

Өнер туындысының өз авторынан тәуелсіздігі ағылшын тілді әлемде де, Континенталды Еуропада да – өте маңызды тақырыпқа айналды. Америкалық сыншылар туындыны оның авторының биографиясы немесе психологиясы немесе мотивациясының элементтері тұрғысынан түсінуге тырыспақ болуды «алдын-ала адасушылыққа» жетелейтін амал ретінде қарастырды. Олардың пікірінше, туындыда оқшауланып берілген қасиеттер өз алдына жеке дүние болып табылады. Франциялық философтар, тіпті, одан ілгері жылжып, «автордың өлімін» ресми түрде жария етіп жатты. Олардың айтуынша, текст – негізгі объект, ал автордың түсінігі экономикалық немесе құқықтық конструкция ғана. Ал интерпретацияға келер болсақ, мәтінді оқырмандар генерацияларымен қабылдау оны жазған адамның биографиясындағы кез келген мәліметтен әлдеқайда маңызды.

Автордың өлімі туралы тезисті британдық философиялық орталары жылы қабылдаған жоқ. Бірақ өнер туындысын интерпретациялау барысында автордың айрықша мәртебесінің жоқ екендігін ХХІ ғасырдың бір ағылшын ойшылы жария етіп қойған болатын. Виктория дәуірінің ақыны Артур Хью Клаф өлгеннен кейін қайта тірілу, Пасха күні туралы біршама қайшылықты, аздап күпірлік сипаты бар өлең жазды. Кейінгі өлеңдерінде ол осы өлеңнің мәні туралы мәселені алға тартады: бұл өлең ирониялық сипатта ма, әлде сарказм туындысы ма? Бұл сұраққа ол былай деп жауап береді: «Мен мұны түсіндіріп, яғни интерпретациялап бере аламаймын. Мен оны тек жазып шықтым».